

Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау мен экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Өзара іс-қимылдар ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 674, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 772 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 24 тамызда тіркелді. Тіркеу 1962. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 19 қазандағы N 533, ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 391 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 19 қазандағы N 533, ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 391 бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес келтіру мақсатында "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін БҰЙЫРАМЫЗ:

- 1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медицина техникасының импорты және экспорты кезіндегі өзара іс-қимыл ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 772 және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 674 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1962 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р л і г і н і ң*

Міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кедендік іс туралы" Заңын , 1997 жылғы 19 мамырдағы " Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Заңын , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 22 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті туралы ережені, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 830 қаулысын орындау үшін және тіркелмеген дәрілік құралдардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың Қазақстан Республикасына әкелінуіне жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ** :

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау мен экспорттау кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Өзара іс-қимылдар ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті:

1) 2002 жылғы 20 тамызға дейінгі мерзімде рұқсаттарды куәландыратын уәкілетті тұлғалардың қолы мен мөр табандарының үлгілерін кеден органдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің дәрілік құралдардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу туралы хаты негізінде дәрілік құралдардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың импорты мен экспортын ресімдеуді жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің төрағасы С.Е.Сұлтановқа және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының орынбасары А.К.Ержановқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
2002 жылғы 8 тамыздағы N 772 және
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігінің
2002 жылғы 8 тамыздағы N 674
б ұ й р ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен
медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау
мен экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Өзара іс-қимылдар ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі " Қазақстан Республикасындағы кедендік іс туралы" және 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті туралы ережесіне, " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 830 қаулысына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында дәрілік құралдарды, медицина техникасымен медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау мен экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өзара іс-қимылдарын анықтайды

2. Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау мен экспорттау кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өзара іс-қимылдары осы Ереженің мақсаты болып табылады.

3. Қазақстан Республикасына келіп түсетін дәрілік құралдар заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуге және Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы заңнамамен көзделген жағдайлардан басқа оларды медициналық қолдануға рұқсат берілуге тиіс.

4. Дәрілік құралдардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың импорты мен экспортын кедендік ресімдеу дәрілік құралдар мен медицина өнеркәсібі айналымы саласында басшылық етуді жүзеге асыратын

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі ведомствосының - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитетінің (бұдан әрі - Фармация комитеті) дәрілік құралдардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тіркелгендігін растайтын хаттың төл нұсқасы негізінде жүргізіледі.

5. Фармация комитеті осы Ережеге қоса берілген нысан бойынша бір мәміле шегінде дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу растығы туралы хатты береді (2-қосымша).

6. Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу туралы хатты ресімдеу үшін өтініш иесі Фармация комитетіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу туралы хатты беруге өтінішін қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағазда және электронды түрде (1-қосымша);

2) белгіленген үлгіде бланкідегі бірінші басшының қолымен және өтініш иесінің мөрімен куәландырылған дәрілік құралдарды өндіру және (немесе) көтерме сату арқылы фармацевтика қызметімен айналысуға лицензияның көшірмесін.

Коммерциялық құндылығы жоқ медициналық ұйымдарды жарактандыру мақсатында мемлекеттік сатып алу арқылы алынған медициналық жабдықты әкелу жағдайында - медициналық қызметпен айналысуға лицензияның көшірмесін;

3) сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы сату-сатып алу келісім-шартының (шарттың) көшірмесін фирма мен өндіруші елді дәрілік құралдар мөлшерін ерекшеліктерімен әрі салыстыру үшін төлнұсқасын;

4) тауарды алғаннан кейін 10 күн ішінде шығарған елдің құзыретті органы берген тауарды шығару сертификатының көшірмесін беру туралы кепілдік хатты;

5) заңды тұлғалар үшін - мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе жеке тұлғалар үшін - жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (патент) көшірмесін;

6) тапсырылған құжаттар тізімдемесін.

7. Ұсынылған мәліметтердің растығы үшін жауапкершілік өтініш иесіне жүктеледі.

8. Берілген медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу туралы хаттар Фармация комитетінің деректер банкісінде тіркелуге жатады.

9. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар

дәрілік құралдардың импорты мен экспорты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

"Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттау мен экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Өзара іс-қимылдар ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 772 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2002 жылғы 8 тамыздағы N 674 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің

Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті
ӨТІНІШ

Дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу растығы туралы хатты беруіңізді сұраймын.

Ө т і н і ш	и е с і		
О б л ы с			
З а ң д ы	м е к е н - ж а й ы		
Т е л е ф о н ,	э л . п о ш т а		
О К П О	(ө т і н і ш и е с і)		
С Т Н	(ө т і н і ш и е с і)		
Ө н і м	б е р у ш і		
Өнім берушінің	(алушының)	заңды	мекен-жайы
Т е л е ф о н ,	э л . п о ш т а		
Өнім берушінің	(алушының)		елі
Келісім-шарттың		N	
Келісім-шарттың	жасалған		күні

_____ жөніндегі

Кеден (кеден) басқармасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті мына дәрілік құралдарға, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға 2002 жылғы " _____ "

_____ ерекшелік бойынша _____ фирмасымен 2002 жылдың " _____ " _____ жасасқан N _____ келісім-шартқа (шартқа) сәйкес _____ (заңды (жеке) тұлғаның толық атауы, СТН, ОКПО коды, мекен-жайы, телефон) Қазақстан Республикасына дәрілік құралдарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды әкелуге (әкетуге) рұқсат береді:

р/с N	СЭҚ бойынша коды	ТН ТН	Дәрілік құралдар. дың атауы, дәрілік нысандар	Өлшем бір. лігі	Мөл. шері	Баға. сы	Сомасы төлем валют.	Фирманың және өндіруші елінің	ҚР-да тіркел. ген күні мен N атауы
----------	------------------------	----------	---	-----------------------	--------------	-------------	---------------------------	--	--

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Ж и ы н т ы ғ ы :

V

Жоғарыда көрсетілген дәрілік құралдар (атаулар саны) Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат берілген әрі "Қазақстан Республикасында тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 шілдедегі N 1037 қаулысына сәйкес лицензиялауға жатпайды.

Уәкілетті тұлғаның қолы _____ тегі, аты, әкесінің аты

М . О .

О р ы н д .

Тел. _____

